«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

03.09.2018 жж. ТМАД-6-14/2973

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

ЖК «Жаимбетов»
директоры
Т.З.Жаимбетовке

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен Сіздің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 01 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2741719-1 "Перде" мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылау жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер расталмады.

Аталған мемлекеттік сатып алулардың 2018 жылғы 23 тамыздағы қорытындыларына сәйкес ЖК "Өркен" конкурстық өтінімінен басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, конкурсқа қатысуға жіберіліп, өнім берушінің бағасының төмен болуына байланысты "AzTaDanTa" ЖШС-і № 20155433-ОК1 лот бойынша мемлекеттік сатып алулардың жеңімпазы болып танылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының *(ары қарай – Қағидалар)* 157 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде **сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын**, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген **құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді**.

Аталған сәйкес құжаттың болуы әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысына шартты жеңілдік беру үшін қолданылады, сонымен қатар конкурстық өнімнің конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындауға әсер етпейді.

Өз кезегінде аталған конкурстың қатысушыларымен жоғарыда көрсетілген құжат ұсынылмаған, сәйкесінше 2 % көлемінде шартты жеңілдік қолданылмаған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларында сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын құжат болмаған жағдайда конкурстан шеттету көзделмеген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, аталған мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының заңнамалар сәйкес өткізіліп, жеңімпаз негізді анықталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым беруіңізге болады.

Басшының м.а. **Қ. Орманов**

Орынд. Кунедилов Ж.
Тел. 8 (7262) 43-54-60